



КӨНІЛ АЙТТЫ



Мемлекет басшысы Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке көңіл айтты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевке Маңғыстау облысында Әзербайжанның әуе жолдары ұшағы апатқа ұшырап, экипаж мүшелері мен жолаушылардың қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

«Орны толмас ауыр қайғыға ортақтаса отырып, Сізге, қаза тапқан азаматтардың туған-туыстарына және барша Әзербайжан халқына көңіл айтамын. Менің тапсырмаммен Қазақстан Үкіметі мемлекеттік комиссия құрды. Комиссия құтқару операциясы аясында тиісті шаралар қабылдап, Әзербайжан тарапына қажетті көмек көрсетеді», — делінген жеделхатта.

ӘУЕ КЕМЕСІ АПАТҚА ҰШЫРАДЫ

Кеше Ақтау қаласы маңында Баку – Грозный бағытында ұшып бара жатқан Azerbaijan Airlines әуе компаниясының Embraer 190ar әуе кемесі апатқа ұшырады. Қайғылы оқиғаға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке көңіл айтты.



→ 2

ҚАЙТҚАН АКТИВТЕ ҚАЙЫР БАР



Заңсыз активтерді қайтару қалай жүріп жатыр? Жылыстап кеткен қаржы мен мүліктердің жалпы сомасы қанша? Бір жылда 1 трлн 100 млрд теңге қайтарылған екен. Бұл аз ба, көп пе? Сонда барлық ақшаны қайтару үшін қанша уақыт керек және ол мүмкін бе? Жыл қорытындысы дегенде еске түсетін, түгенделуге тиіс бір мәселе осы болса керек.

→ 4

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Санкт-Петербург қаласына жұмыс сапарымен барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуіне қатысты.



Іс-шараға Ресей Президенті Владимир Путин, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан

Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Кездесу барысында ТМД аясындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективасы және Ұйым қызметінің басым бағыттары талқыланды.

БИЗНЕСТІ БУЫНДЫРАТЫНДАР ДА БАР

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде отандық бизнесті жан-жақты қолдау – табанды, принципті позициясы екенін нықтады. Осыған орай құзырлы органдарға рейдерлікпен, негізсіз тексерістерімен, заңсыз алымдарымен кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретіндерді қатаң жазалауға тапсырма берді. Президенттік тапсырма биыл қалай орындалды? Рейдерлікке қарсы тұру үшін не істеліп жатыр?

→ 5



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ТҮРКІ ЖҰРТЫНА ОРТАҚ ТҰЛҒА

Осыдан тура 130 жыл бұрын түркі жұртына ортақ тұлға, қазақтың «Қызыл жебесі», Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов дүниеге келген еді. Ал осыдан дәл бір ғасыр уақыт бұрын ол 1924 жылы Комитерн атқару комитетінің Моңғолиядағы өкілі болып тағайындалған еді.



→ 6

ҚУРАҒАН АҒАШТАН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП

Қай кезеңде болмасын экология мәселесі – алматылықтар үшін өзекті тақырыптың бірі. Себебі жыл өткен сайын еліміздің оңтүстік астанасына сыртқы аймақтардан ағылып келетін көлік саны да, тұрақты жұмыс іздеп, ұзақ мерзімге тұрақтап қалу үшін қоныс аударатын тұрғын саны да артқан.



→ 7

26 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

МӘЖІЛІС БИЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар денсаулық сақтау саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламентелуін болғызбау туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы заң мен оған ілеспе түзетулерді және пошта туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Сондай-ақ екі құжатты ратификациялады.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова заң жобасы Президенттің «Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократияландыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысы негізінде әзірленгенін айтты. Түзетулер артық әкімшілік реттеуді азайтуға мүмкіндік береді.

— Осылайша, мемлекеттік органның шешімдерді қабылдау және қабылдау процесін жеделдету, оның ішінде тиісті тәртіпті айқындайтын нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу кезінде өкілеттіктерін кеңейту арқылы аса маңызды қоғамдық қатынастарды жедел жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады. Денсаулық сақтау саласындағы артық әкімшілік реттеуді қысқартуға және денсаулық сақтау саласындағы рәсімдерді жеңілдетуге бағытталған нормаларды дебюрократизациялауға жол ашылады, — деді министр.

Мемлекеттік органның арнайы құзыреттері мен өзге де нақтылайтын нормалары бұдан былай заңға тәуелді актілер деңгейінде белгіленетін болады және оларда мемлекеттік органдардың заңнамалық нормаларды іске асыру жөніндегі өкілеттіктері жазылатын болады.

Депутат Дәулет Мұқаев баяндамасында заң ережелерін іске асыру ден-



саулық сақтау саласындағы өкілетті органның қызмет саласын оңтайландыруға мүмкіндік беретінін айтты.

Сонымен қатар депутаттар түркітәлді мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу жөніндегі хаттаманы ратификациялады. Келісімге мемлекет басшылары 2022 жылы 11 қарашада Самарканд қаласында қол қойған болатын. Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Бақаев негізгі Келісімге 10 өзгеріс енгізу қарастырылғанын, оның бірі ұйымның атауы мен нысанын өзгертуге бағытталғанын атап өтті.

— Хаттаманың баптарында негізгі Келісімнің атауын «Түркі мемлекеттері ұйымын құру туралы Нахчыван келісімі» деп өзгерту, «Түркі мемлекеттері ұйымы» деп аталатын толыққанды халықаралық ұйым құру көзделген. Сондай-ақ түркі интеграциясы шеңберіндегі ұйымдарды екі санатқа бөлу қарастырылады: сабақтас органдар ретінде ТҮРКСОЙ мен ТүркіПА айқындалып, үлестес ұйымдар ретінде Түркі академиясы мен Түркі мәдениеті және мұрасы қоры көрсетілді, — деді Ә.Бақаев.

Мәжіліс депутаты Юлия Кучинская хаттаманы ратификациялау Қазақстан Республикасы үшін бауырлас халықтармен өзара тиімді қарым-қатынастың және еліміздің түркі әлеміндегі көшбас-

шылық ұстанымын нығайтудың берік негізі болатынына назар аударды.

Бұдан соң депутаттар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында кедендік әкелу баждарының сомаларын аударуға қатысты бөлікте өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялады. Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов хаттамада Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясымен және Беларусь Республикасымен кедендік баждар бойынша есеп айырысуды 2 жыл мерзіміне Ресей рублімен аудару жөніндегі өзгерістер енгізілгенін атап өтті. Депутат Мархабат Жайымбетов өз баяндамасында уақытша механизм енгізудің себебі ретінде Ресей мен Беларусьпен АҚШ долларымен есеп айырысудан бас тартуды атап өтті. Уақытша өзгерістер енгізу ЕАЭО елдерінің бюджеттеріне кеден баждарын үздіксіз аударуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы отырыста «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заң мен оған ілеспе түзетулер екінші оқылымда қабылданды. Заң Мемлекет басшысының тиісті тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленген.

— Түркістан қаласына ерекше мәртебе берудің негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары айқындалады,

Түркістан қаласының аумағында тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қамтамасыз етіледі; орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ Түркістан қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттіктерін қайтадан қарастырып, жаңа құзырет беріледі, — деді жұмыс тобының жетекшісі Темір Қырықбаев.

Ілеспе түзетулерде сәулет, құрылыс және қала құрылысы қызметін нормативтік реттеуге және тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғауға бағытталған 1 кодекс пен 5 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Келесі кезекте депутаттар «Пошта туралы» заңға пошта байланысы нарығын дамытуға бағытталған парламенттік түзетулерді екінші оқылымда қабылдады. Жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева цифрлық технологиялардың арқасында тиісті пин-код немесе қуар-код болған кезде үшінші тұлғаларға поштаны қабылдау мүмкіндігі берілетінін айтты. Сонымен қатар бұл тауарды маркетингтерден пошта бөлімшесіне және үйге жеткізуді жеңілдетеді.

— Жобада сәлемдемелерді қабылдау үшін поштаматтарды орналастыру және пайдалану тәртібі көзделеді. Пошта инфрақұрылымын сақтау бойынша нормалар қабылданды. Пошта филиалдары жабылған кезде оператор бұл туралы жергілікті атқарушы органдарға жабылғанға дейін 3 ай бұрын хабарлауға

тиіс. Ұлттық пошта операторы дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды, жеткізумен және сақтаумен айналыса алады, — деді депутат.

Сонымен қатар жеке тұлғаларға мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға арналған «Әлеуметтік әмиянға» құқықтық мәртебе беріледі.

Жалпы отырыс соңында Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов палатаның биылғы жұмысын қорытындылап, 2024 жыл Парламент Мәжілісі үшін де нәтижелі болғанын атап өтті.

— Жыл басынан бері біз Мемлекет басшысының Жолдауларында, Сайлауалды бағдарламасында, Ұлттық құрылтайда берілген тапсырмаларын орындау үшін бірқатар маңызды заң қабылдадық. Әлеуметтік әділдік орнатуға бағытталған конституциялық нормалар биыл толық іске асырыла бастады. Қабылдаған заңдардың нәтижесін қазірдің өзінде көріп отырмыз, — деді Е.Қошанов.

Спикер осы сессия басталғалы палатаның қарауында 106 заң жобасы болғанын, оның ішінде 37 заңды қабылданып, 19-ына Президент қол қойғанын айтты. Қоғамның дертіне айналған түйткілді мәселелерді шешу үшін қабылданған заңдарға тоқталды. Оның ішінде ойын бизнесі, вейпке тыйым салу, есірткі қылмыстарымен күрес, тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы және басқа да заңдар бар.

— Келер жылы да осы қарқынды сақтауымыз қажет. Ең бастысы, халқымыздың әл-ауқатын арттыру және Мемлекет басшысының тапсырмаларының орындалуы әрдайым басты қазыла болуға тиіс. Жуырда біз өңірлерге іссапарға шығамыз. Басты мақсат — жергілікті жерлердегі сайлаушыларға қабылданған заңдардың мән-маңызын, істеліп жатқан жұмыстардың жай-жапсарын жеткізу. Сонымен бірге олардың өңірлерде қалай жүзеге асырылып жатқанына көз жеткізіп қайтуымыз керек. Алыс ауылдарға, еңбек ұжымдарына барып, елді толғандырып жүрген проблемаларды біліп, әдеттегідей оларды Үкімет назарына жеткізуге тиіспіз, — деді Е.Қошанов.

Жалпы отырыста Мәжіліс аңшылық саласы және жануарлар дүниесін сақтау мәселелері туралы заң жобасы мен оған ілеспе түзетулерді жұмысқа қабылдады. Мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 13 депутаттық сауал жолдады. Олар Мәжілістің ресми сайты мен Telegram-каналында жарияланды.

ӘУЕ КЕМЕСІ АПАТҚА ҰШЫРАДЫ



Кеше Ақтау қаласы маңында Баку – Грозный бағытында ұшып бара жатқан Azerbaijan Airlines әуе компаниясының Embraer 190ar әуе кемесі апатқа ұшырады. Қайғылы оқиғаға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке көңіл айтты.

Алдын ала ақпарат бойынша бортта 62 жолаушы болған, оның бесеуі экипаж мүшелері. Маңғыстау облысы ТЖД

мәліметіне сүйенсек, сағат 11.30-да әуежайдан 3 шақырым жерде ұшақтың апатқа ұшырағаны туралы ақпарат

түскен. Осыған байланысты жоғары ранг бойынша ТЖД күштері мен құралдары қосымша жіберілген.

Сондай-ақ Үкімет басшысы Президентке ұшақтың апатқа ұшырау себептерін тексеру және зардап шеккендерге көмек көрсету жөнінде жүргізіп жатқан жұмысы туралы баяндады.

Құтқару жұмыстарына төтенше жағдайлар қызметі 430-дан астам зерткер мен 80-ге жуық техника жұмылдырған. 29 адам ауруханаға жатқызылды. Зардап шеккендерге қажетті

медициналық, психологиялық және басқа да көмек көрсетіліп жатыр. Қазір апаттық-құтқару жұмыстары жалғасуда. Медициналық көмек көрсету үшін Астана қаласынан санитарлық авиация борты Ақтауға жіберілді.

Әзербайжан Үкіметімен бірлесіп шетел азаматтары мен қаза тапқан жолаушылардың отбасыларына қажетті көмек көрсетіліп жатыр. Президент зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету жұмысын ерекше бақылауда ұстауды және көршілес елдердің үкіметтеріне қажетті жәрдем көрсетуді тапсырды.

Сонымен қатар қала тұрғындары қайғы белгісі ретінде Әзербайжан консулдығы ғимаратына гүл шоқтарын қойды. Ұшақ апатында қаза тапқан-

дарды еске алуға келгендердің арасында әкімдік, қоғамдық ұйымдар өкілдері, депутаттар, кәсіпкерлер, жастар, спортшылар және Ақтау қаласының қарапайым тұрғындары болды.

Сондай-ақ Ақтауда еріктілер облыстық кан орталығында ұшақ апатынан зардап шеккендер үшін қан тапсырды. Қала тұрғындары зардап шеккендер үшін келесі мекенжайда қан тапсыра алады: 34 а шағынаудан, №1/2 ғимарат.

Айта кетейік, апатқа ұшыраған ұшақ бортында Қазақстанның 6 азаматы болған. Қазір Президент тапсырмасымен әуе апатына байланысты мемлекеттік комиссия құрылып, сотқа дейінгі тергеу басталды.

Ә.МҰХАНБЕТ





ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Елордада «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Халықаралық байланыстар бөлімі меңгерушісінің орынбасары Чэнь Чжоумен кездесті.

Сөз басында «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүйелі және құрылымдық реформалар жүргізіліп, Әділетті Қазақстан – барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктер елін құру бағыты қолға алынғанына хабардар етті. Бұл ретте Президенттің қоғамдық тірегі бола отырып, «AMANAT» партиясы еліміздегі барлық саяси реформалардың алғы шебінен көрініп келеді.

Өз кезегінде, Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Халықаралық байланыстар бөлімі меңгерушісінің орынбасары Чэнь Чжоу екі партия арасындағы ынтымақтастық Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастың маңызды

бөлігі саналатынын атап өтті. Қытайлық әріптестер Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа күн тәртібін ілгерілету мақсатында «AMANAT» партиясымен жұмыс істеуге дайын.

Кездесу соңында тараптар екі партия арасындағы байланыстарды нығайтуға, тиімді тәжірибе алмасуға уағдаласты. Сонымен қатар кездесуге қатысушылар партиялық оқыту мен партия кадрларын даярлауды дамыту саласындағы өзара іс-қимыл перспективаларын талқылады.

Еске сала кетейік, биыл Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары аясында «AMANAT» партиясы мен Қытай Коммунистік партиясы арасында «Өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы» меморандумға қол қойылған болатын. Аталған құжат партияаралық байланыстарды күшейтуге, мемлекеттердің достық және тату көршілік қатынастарын нығайтуға, сондай-ақ екі партия арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті кеңейтуге бағытталған.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ҚҰРЫЛЫСЫ – ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНДА



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Сыр өңірінде «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында 12 300 орындық 21 білім ордасын салу жоспарланғаны белгілі. Соның негізінде елдегі білім ошақтарының санын көбейту, Ұлттық жоба аясында мектеп салу межесін арттыру «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында да көрініс тапты.

Негізінен, Қызылорда облысында Ұлттық жоба шеңберінде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Құрылысы қарқын алған білім ошақтарына партия тарапынан бақылау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Қазір облыс орталығындағы Арай шағынауданында бой түзген 1 500 орындық «Жайлы мектеп» құрылысы қарқын алған. Құрылыс жұмыстарын партия өз бақылауында ұстап отыр. Өз кезегінде партияның

облыстық филиалының Төрағасы Алмасбек Есмаханов, Партиялық бақылау комиссиясының аймақтық төрағасы Нұркен Бақытбекұлы және қалалық комиссия мүшелері құрылыс басында болып, атқарылып жатқан жұмыстар барысымен танысты.

Бақылау комиссиясына құрылыс нысанына тапсырыс беруші «Samruk-Kazyna Construction» АҚ өкілдері құрылыс жұмыстарының келер жылдың қыркүйек айында аяқталатынын мәлімдеді. Бүгінде құрылыс жұмыстарының 60 пайыздан астамы аяқталған.

Кездесуде партия филиалының төрағасы мен Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы құрылыс жұмыстарының уақытылы, сапалы аяқталу қажеттілігін айтты.

Негізінен, биыл Сыр өңірінде Ұлттық жоба аясында 4 «Жайлы мектеп» ел игілігіне табысталады. Оның біреуі Қызылорда қаласында болса, екеуі Жанакорған, біреуі Арал ауданына тиесілі. Соның ішінде Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 900 орындық мектеп бұған дейін іске қосылғаны көпке мәлім.

Осы орайда айта кеткен абзал, партиялық бақылау комиссиясының мүшелері сайлауалды бағдарлама аясында салынып жатқан құрылыс нысандарына кестеге сәйкес жыл бойы рейдтік іс-шаралар ұйымдастыруда. Нәтижесінде, жыл басынан 76 нысанға партиялық бақылау бекеттері орнатылып, бүгінгі күнге дейін 54 нысан пайдалануға беріліп отыр.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ТҰРҒЫНДАРДЫ АЛАҢДАТҚАН САУАЛДАР

«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының Саяси менеджмент академиясының ұйымдастыруымен партияның аймақтық және аумақтық филиалдарының қызметкерлеріне арналған вебинар өтті.



Онда «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасын іске асыру тәжірибесінде жобалық менеджментті қолдану мәселесі жан-жақты талқыланды.

Басқосуға партия филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, партияның аумақтық филиалдарының Атқарушы хатшылары және қызметкерлері қатысты.

Тәжірибелі тренер әрі ментор Татьяна Хасанова өткізген іс-шарада партия қызметкерлері жобалық басқарудың тетіктерін талдап, таразылады.

Күнделікті атқарылып жатқан жұмыстарды мысалға ала отырып, сайлауалды бағдарламаның индикаторлық көрсеткіштеріне қол жеткізудің тиімді әдістері мен озық үрдістерін баяндады.

Жұмысты ұйымдастырудың үздік үрдістері партияның Орталық аппараты мен аумақтық құрылымдары арасындағы байланыстарды сапалық тұрғыда жана деңгейге шығаруға мүмкіндік беріп, сайлауалды бағдарламада көзделген міндеттердің орындалуын жаңа сипатта үйлестіруге жол ашты.

Вебинар қорытындысы бойынша жауапты қызметкерлер өздерін толғандырған сауалдар бойынша пікір алмасып, маңызды мәселелерді талқылады.

ҚОЛДАН КЕЛГЕНШЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДЕ

Ақтау және Астана қалаларында «AMANAT» партиясының қызметкерлері мен белсенділері «Баку-Грозный» бағытындағы ұшақ апатында қаза тапқан жандардың рухына тағзым етіп, зардап шеккен адамдарға қажет қан тапсыруда.



Партиялықтар Астана қаласында Әзербайжан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі және Әзербайжан Республикасының Ақтау қаласындағы Бас консулдығы ғимараттарына жиналып, гүл шоқтарын қоюда.

«Ұшақ апатының салдарынан бауырлас Әзербайжан елінің азаматтары қаза болғандығы туралы қайғылы хабарды күйзеле қабылдадық. «AMANAT» партиясы және жеке өз атымынан қаза болғандардың туыстары мен жақындарына, сондай-ақ барша Әзербайжан халқына қайғыра көңіл айтамыз. Қазақ пен Әзербайжан халықтары ежелден бір-бірінің қуанышына сүйінген, қайғысына күйінген тағдыры да, табиғаты да ортақ бауырлас елдер. Бұл қайғы бәрімізге ортақ. Алла өткендерге иман, қалған ел-жұртқа сабыр мен береке берсін! Марқұмдардың жандары жәннатта болсын!», – деді

«AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының төрағасы Мұхаммед Болысбек.

Ақтау қаласында да партияластар мен жас белсенділер Әзербайжан Республикасының Бас консулдығы ғимараттарына жиналып, қаза тапқан жандардың рухына тағзым етті.

«Апат айтып келмейді. Ұшақ апатында туыстары мен жақындарынан айырылған адамдардың орны толмас ауыр қайғысына ортақтаса отырып, көңіл айтамыз. Сын сағатта «AMANAT» партиясы жарым көңіл жандардың қасынан табылып, қолдан келгенше қолдау көрсетуде. Бүгін партияластарымыз марқұмдардың рухына тағзым етіп қана қоймай, зардап шеккен жандарға қажет қан тапсыруда. Барша азаматтың тезірек сауығып кетуін тілейміз», – деді «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Карасаев.



КӨШПЕЛІ ЖИЫН ӨТТІ

Теректі ауданында «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының көшпелі жиыны өтті.



«AMANAT» партиясы Теректі аудандық филиалының партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Әлжан Нұрғалиевтің төрағалығымен өткен Мәжіліске «AMANAT» партиясы облыстық филиалының партиялық бақылау инспекторы Нұрхат Жанбоз, аудан әкімінің орынбасары Қалаубек Теміров, бөлім, құқық қорғау органдарының басшылары, партиялық бақылау комиссиясының мүшелері қатысты.

Күн тәртібі бойынша Теректі аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімінің учаскелік полиция инспекторы Қанат Жақыбаев түнгі уақытта арақ-шарап сататын дүкендермен жұмысты, мал бағымының жолға қойылмай тұрғанын тілге тиек етті. Малды еркіне жіберіп, көз салмай қоятын ағайынның ісін ақсуаттық Ләззат

Бекішева да растады. Айыппұл сала беру бұл мәселені толық шешпейді. Халық бекеттен төлеп, қайта ескі әдетке басып тұр. Бақташылардың да табылмай тұрғаны, мал бағуға ешкімнің құлықсыз екені айтылды.

Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Бахтияр Катчиков қысқы жылыту маусымына байланысты өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін, талаптардың орындалуын жік-жікке бөле талдап берді.

Нұрхат Мүтиғолаұлы әр баяндамашыдан кейін өзінің ұсыныс-пікірлерін айтып, сауалдарын жолдады. Жиынды Әлжан Нұрғалиев түйіндеді. Көшпелі Мәжілісте көшіп-конған ойларды, талқыға түскен мәселелерді білек сыбана шешуде партиялық бақылау аянып қалмасы анық.

26 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

Отандасымыз 10 жасар Насыр Тарлабек аккордеон және баян аспабы бойынша әлем чемпионатында I орынға қол жеткізді. Беделді CMA Trophée Mondial кубогы алғаш рет Францияның Монтаржис қаласында өтті. Солай 74 жыл қатарынан өтіп келе жатқан кубокты алғаш рет қазақстандық баяншы жеңіп алды.

Әсет ҚАЛИ

Насыр Тарлабек Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернатының 5-сыныбында оқиды. Әкесінің ықпалымен осы мектепке оқуға түсіп, баян аспабына қабылданады. Сонымен қатар ол әйгілі баяншы-аккордеоншы Ғалымжан Нарымбетовтің шәкірті.

— Насырды мен 6 жасынан бастап дайындап келе жатырмын. Бұл жарысқа дейін түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орын алып жүрді. Әр жарысқа танертеннен кешке дейін тынғылықты дайындалып, үлкен еңбек жасадық. Мектепте Насырдан басқа да шәкірттерім бар. Алайда оның ерекше мінезі маған қатты ұнайды. Насыр — өте салмақты әрі шыдамды бала. Кейбір сәттерде өзіме үйренетін дүниелерді де тауып отырдым, — дейді ол.

Жалпы Насыр бұл байқауға дейін түрлі республикалық, халықаралық турнирлердің жүлдегері болған. Олардың қатарында осы жылдың сәуір айында Ұлыбританияда



НАСЫР - ҮЗДІК БАЯНШЫ

Ғалымжан Нарымбетовтың сөзінше, Насыр байқауға өте мұқият дайындалған көрінеді. Оның финалда Сербия, Украина және Франциядан келген қарсыластары өте шебер әрі мықты болды. Соған қарамастан әділқазылар алқасы Насырдың деңгейін жоғары бағалап, оған өз жас тобындағы әлем чемпионатының бас жүлдесін берді.

—Насыр екеуіміздің жоспарымыз өте көп. 10 жасқа толып әлем чемпионатында

топ жару — еліміз үшін үлкен қуаныш. Алда осындай халықаралық турнирлердің 18 жасқа дейінгі байқауына қатысуды көздеп отырмыз. Бар күшімізді салып, Нарынды әлем танитындай деңгейге көтергім келеді, — деді ұстазы.

Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектеп-интернатының мұғалімі әрі Насырдың әкесі Медет Абдуллаев бұл тарихи жеңіс екенін атап өтті.

—Баламыздың ортасы, ата-анасы өнер адамы болғаннан кейін тағдыр оны осы өнер саласына алып келді. Әрине, Насыр баянды бірден қағып алуы, ерекше дарынының арқасында осындай биіктерге жетіп жатыр. Өнердің ортасында туып-өскеннен кейін балаларымның бәрі өнер мектептерінде оқығанын жөн көрдім. Оған балаларымның да еш қарсылығы жоқ, — дейді ол.

Әкесінің сөзінше, алда Италияда өтетін маңызды бір байқау күтіп тұр. Маңыздылығы бойынша CMA Trophée Mondial байқауынан кем түспейтін жарысқа дайындық қызу жүруде. Оған дейін тағы баян аспабы бойынша Бельгияда өтетін байқауға қатысу мүмкіндігі туып тұр.

Францияда топ жарған жас талантымыз еліміздің атын асқақтатып қана қоймай, болашақта басқа да жас өнерпазға үлгі болатыны анық.



өткен «4th Internatcional Onlain Festival en National Graded Solo Competition» атты халықаралық байқаудың I орын жүлдегері, маусым айында Америкада өткен «Accordion Star International 2024» атты халықаралық конкурсының тағы да I орын иегері, мамыр айында Ресейде өткен «Открытый Чемпионат России по акордеону и баяну» чемпионатының II орын жүлдегері деген атақтары бар.

—Маған баян аспабы өте қатты ұнайды. Өйткені оның дыбыс ырғағы мен оны жеткізу мәнері ерекше. Болашақта атақты баяншы болып, еліміздің атын шығаруды армандаймын. Ұстазым сияқты мен де шәкірт тәрбиелегім келеді. Елімізде баяншы аз болғандықтан, бұл мамандықтың аты өшіп бара жатыр. Сол үшін барынша еңбектенуге тырысамын, — дейді Насыр Тарлабек.

Насыр Франциядағы байқауда сахнаға шыққанда үлкен жауапкершілікті сезінгенін, барынша қатесіз ойнап шығуға тырысқанын тілге тиек етті. «Финалда Сербияның баласы бас жүлдені ала ма деген қорқыныш болды. Бірақ бірінші орын маған берілгенін естігенде қуанышымда шек болған жоқ» дейді ол.



Маған баян аспабы өте қатты ұнайды. Өйткені оның дыбыс ырғағы мен оны жеткізу мәнері ерекше. Болашақта атақты баяншы болып, еліміздің атын шығаруды армандаймын. Ұстазым сияқты мен де шәкірт тәрбиелегім келеді. Елімізде баяншы аз болғандықтан, бұл мамандықтың аты өшіп бара жатыр. Сол үшін барынша еңбектенуге тырысамын.



ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҰЛПАР

Биылғы жылдың қорытындысы бойынша 1 816 қазақстандық оқушы 35 халықаралық олимпиада мен конкурстарға қатысып, 563 медаль жеңіп алды.



Қазақстандық оқушылар Сингапур, Қытай, Грекия және АҚШ-та өткен робототехника бойынша халықаралық чемпионаттарда жоғары нәтижелерге қол жеткізді, Балқан түбегінің ең үздік жас математиктер үштігіне енді. Сонымен қатар Қазақстанның құрама командалары әлемдегі ең беделді 7 халықаралық олимпиадаға (IMO, IPhO, IBO, IOL, IChO, IGeo, IOI) қатысып, 26 медаль иеленді: 2 алтын, 12 күміс және 12 қола.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша, 2022 жылдан бастап жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне және олардың тәлімгер-педагогтеріне біржолғы сыйақы төленіп келеді.

Химия пәні бойынша ең беделді Халықаралық олимпиадада (IChO) және робототехникадан First Global Challenge әлем

чемпионатында қазақстандық оқушылар 190 елдің арасынан оза шауып, екі олимпиадада да үш мәрте әлем чемпионы атанды.

Биыл 26 оқушыға жалпы көлемі 77,5 млн тенге, ал оларды дайындаған 24 мұғалімге 6,4 млн тенге сыйақы төленді. Алтын медаль иегерлері 1 500 айлық есептік көрсеткіш (АЕК), күміс медаль иегерлері 1 000 АЕК, қола медаль иегерлері 500 АЕК мөлшерінде сыйақы алады.

Алтын медаль мен I дәрежелі диплом иегерін дайындаған педагогке — базалық лауазымдық жалақының 26,5 еселенген мөлшері, күміс медаль мен II дәрежелі диплом иегерін дайындаған педагогке — базалық лауазымдық жалақының 17,5 еселенген мөлшері, қола медаль мен III дәрежелі диплом иегерін дайындаған педагогке базалық лауазымдық жалақының 8,5 еселенген мөлшері төленеді.

ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ ШЫРШАТОЙ



Елордадағы Қазмедиа орталығында Президент шыршасы өтті.

Шыршаға аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, оқуда, спортта жетістікке жеткен 100-ге жуық бала қатысты.

Балаларға арналған түрлі қойылым, мультфильм кейіпкерлері және супер қаһармандардың қатысуымен ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.

Мерекелік шарала Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан құттықтап, арнайы сыйлықтар табыстады. Арнайы қапшықтың ішінде балаларға арналған сөмке, планшет, арнайы кітаптар топтамасы және тәттілер бар.

Әр өңірден келген балалар 3 күн бойы Астананың әсем жерлерін аралаған.

— Құрметті біздің балғын балаларымыз, сіздерді бүгінгі Президенттің шыршасында, осындай үлкен мерекеле көргеніме қуаныштымын. Жана жыл мерекесі құтты болсын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өздеріңізге арнайы жылдың басында үлкен бір қуанышты сәтті сый ретінде тарту етті. Бір жыл бойы 1-4-сынып оқушыларың тегін

ыстық тамақпен қамтуда. Бүгінгі күні біздің мемлекетімізде сіздер үшін керемет заманауи мектептерде оқуға мүмкіндік туып, «Жайлы мектеп» жобасы іске асып жатыр. Мемлекеттің қолдауының арқасында балаларымыз көптеген жетістікке жетуде. Биылдың өзінде 500-ден аса баламыз әлемдік олимпиадалардан жүлделі орындармен келіп жатыр. Жана жылда баршаңызға табыс тілейміз. Өркендеріңіз өсіп, үлкен жетістіктер мен жемістерге жете беріңіздер! Сөмкелеріңізді күнделіктіңіз 5-ке толуына тілекшімін, — деді министр.

Президент шыршасын қатысып жатқан оқушылардың да көңіл күйі ерекше. Солардың бірі — Әли Құдияров Президент шыршасына арнайы Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Қулық ауылынан келген. Ол — мектепте озат оқушы. Сондай-ақ республикалық олимпиадалардың жеңімпазы.

«Бүгінгі шырша ұнап жатыр. Көңіл күйім керемет. Үстімдегі киімді ата-анам, мұғалімдермен бірігіп осы шыршаға арнап тіктік. Өздеріңіз көріп тұрғандай, жеті атам жазылған арнайы жазу бар. Қатарластарыма айтарым, сабақты жақсы оқып, тәртіпті болыңдар. Болашақта бизнесмен болғым келеді», — деді ол.

NUR MEDIA
МЕДИА ХОЛДИНГ

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Бәни ЖАНЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4538
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,